


## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 940	-0,06%	18,3%
NASDAQ	23 515	-0,06%	1,2%
DJIA	49 359	-0,17%	16,4%
CBOE Volatility Index (VIX)	16	0,13%	-11,5%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	10 235	-0,04%	23,9%
DAX	2 136	-0,30%	25,2%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	26 845	-0,29%	36,8%
Nikkei 225	53 936	-0,32%	35,2%
Shanghai SE	4 102	-0,26%	25,7%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 291	0,33%	28,4%

## Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Жұма күні америкалық қор нарықтары сауда сессиясын төмендеумен аяқтады: S&P 500 0,06%-ға төмендеп, \$6 940,01 деңгейінде жабылды; Nasdaq Composite 0,06%-ға төмендеп, \$23 515,39 мәніне жетті; DJI 0,17%-ға арзандап, \$49 359,33 болды. S&P 500 индексіне кіретін 11 сектордың 8-і сауда барысында төмендеу көрсетті. Ең әлсіз нәтиже көрсеткен секторлар Communication Services (-1,2%), Consumer Discretionary (-1,1%) және Consumer Staples (-1,1%) болды. Өсім Real Estate (+1,4%), Industrials (+0,3%) және Energy (+0,1%) секторларында байқалды.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	11 139 330 381 526	-1,2%	-1,5%	17,6%
Consumer Discretionary	6 832 370 685 445	-1,1%	1,8%	14,6%
Consumer Staples	3 158 138 561 732	-1,1%	4,0%	5,3%
Energy	1 478 412 510 123	0,1%	6,6%	-2,5%
Financials	8 391 895 751 683	-0,1%	0,1%	8,7%
Industrials	5 145 931 367 905	0,3%	6,8%	17,3%
Information Technology	20 377 476 806 341	-0,1%	2,4%	31,5%
Materials	1 166 542 762 782	-0,8%	8,5%	12,6%
Real Estate	964 705 865 279	1,4%	6,3%	-3,4%
Utilities	1 342 546 018 276	-0,1%	3,6%	11,7%
Health Care	5 671 502 745 771	-1,0%	2,9%	7,9%

Америкалық қор нарықтары жұма күні ұзақ демалыс қарсаңындағы құбылмалы саудадан кейін негізінен өзгеріссіз жабылды. Апта қорытындысы бойынша барлық үш негізгі индекс төртінші тоқсанға арналған корпоративтік есеп беру маусымының басталуына байланысты төмендеп, инвесторлардың сақтық танытуына себеп болды.

S&P 500 индексіне кіретін компаниялардың, соның ішінде ірі америкалық банктердің алғашқы есептері жалпы алғанда оң нәтиже көрсетті. Алайда банк акциялары мен кеңірек қаржы секторы АҚШ президенті Дональд Трамптың кредиттік карталар бойынша пайыздық мөлшерлемені бір жылға 10% деңгейінде шектеу жөніндегі бастамасына қатысты алаңдаушылықтың әсерінен қысымға ұшырады. Нәтижесінде S&P 500 қаржы секторы жұма күні 0,1%-ға өскенімен, апта қорытындысы бойынша қазан айынан бергі ең ірі пайыздық төмендеуді тіркеді.

Нарықтарға Вашингтоннан келген саяси сигналдар да әсер етті. Трамптың экономикалық кеңесші Кевин Хассетті қазіргі қызметінде қалдыру ниеті туралы мәлімдемесі оның Федералдық резерв жүйесінің төрағасы Джером Пауэллдің орнын басуы мүмкін деген нарықтық күтулерді төмендетіп, ФРЖ-ның болашақ басшылығына қатысты белгісіздікті азайтты.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	368	0%	34,5%
Банк ЦентрКредит	4 744	0%	107,0%
Kcell	3 338	0%	-1,2%
Казатомпром	34 715	2%	69,7%
КазТрансОйл	962	-1%	16,9%
КЕГOK	1 477	0%	-2,9%
Kaspi.kz	41 703	-1%	-24,0%
КазМунайГаз	21 855	1%	49,4%
Эйр Астана	861	0%	-24,6%

Алдағы аптада есеп беру маусымы айтарлықтай жанданады. Инвесторлар Netflix, Johnson & Johnson және Intel сияқты ірі компаниялардың қаржылық нәтижелерін күтуде, бұл жақын кезеңдегі нарықтық көңіл күйге ықпал етуі мүмкін.


Шкізат нарықтарында қорғаныш активтеріне сұраныстың артуына байланысты болған қарқынды өсімнен кейін алтын бағасының өсу қарқыны баяулады. Сонымен қатар, АҚШ-тағы ұзақ демалыс қарсаңында қысқа позициялардың жабылуы және жеткізілімге қатысты тәуекелдерге алаңдаушылықтың сақталуы аясында мұнай бағасы өсті. Бұл жағдай Трамптың үкіметтің наразылықтарды басуына араласу мүмкіндігі жөніндегі риторикасын жұмсартқанына қарамастан орын алды.

Корпоративтік жаңалықтар аясында инвесторлардың назарын технология секторындағы хабарлар да аударды. OpenAI компаниясы табысты арттыру стратегиясы шеңберінде АҚШ-тағы кейбір пайдаланушылар үшін ChatGPT сервисінде жарнаманы тестілеуді бастайтынын хабарлады. Жарнама сервисінің тегін нұсқасында және Go тарифінде орналастырылады, ал компанияның мәлімдеуінше, ол чат-боттың жауаптарына әсер етпейді және пайдаланушылардың деректері жарнама берушілерге берілмейді.

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	510,64	0,04%	0,8%
RUB/KZT	6,40	0,00%	0,0%
CNY/RUB	10,85	-0,90%	-1,3%
EUR/USD	1,1597	-0,08%	-1,0%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



---

## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.